

Әлихан Бөкейхан атындағы "BINOM SCHOOL" мектеп-лицейінің өткізілген мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған кемшіліктерді жою бойынша жоспарының жүзеге асырылуы туралы анықтамасы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2024 жылғы 7 қазандағы № 389-нқ бұйрығымен бекітілген 2025 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2025 жылғы 1-9 қазан аралығында мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

2025 жылғы 9 қазандағы Әлихан Бөкейхан атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейіне жүргізілген мемлекеттік аттестаттаудың қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жою бойынша жоспары бекітілді.

Аталған жоспардың орындалуы бойынша келесіні хабарлаймыз.

Кемшіліктер: 2024-2025 оқу жылында «Жаһандық құзыреттілік» таңдау пәні 5,6 және 9 сыныптарда толық орындалмаған. 5 «Г» сыныпта бір жылға 0,5 сағат оқу жүктемесі жоспарланған, алайда электронды журналда тек 10.01.2025ж басталған, бірінші жарты жылдықта орындалмаған. Сонымен қатар жоспардағы тақырыптар журналдағы күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес келмейді. 6 «А» сыныпта 2024-2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығына орындаған, екінші жартыжылдықта отпеген. 6 «А», «Ә», 6 «Ж», 6«З» сыныптарында «Жаһандық құзыреттілік» пәнінің оқу бағдарламасы 2024-2025 оқу жылының 1 жартыжылдығында жүзеге асырылған.

1) ҚР БҒМ-нің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын (16, 19 қосымша) жүзеге асыру тәртібі бойынша нұсқаулық беру;

2025 жылғы 29 қазанда педагогикалық кеңес аясында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары 3 -қосымшасының 12 - тармағы (Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты), 4-қосымшасы 18-тармағы (Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарына бойынша мектеп педагогтеріне арналған ақпараттық - түсіндіру жұмыстары жүргізілді (1-қосымша, презентация және сурет).

Іс-шара барысында оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары А.А.Балкибекова, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ. Қошжанов, келесі сұрақтар бойынша толық ақпарат берді:

- жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, оның басты мақсаттары, құрылымы мен негізгі қағидаттары туралы;

- ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім беру деңгейінің (5–9-сыныптар)

«Жаһандық құзыреттілік» оқу курсына арналған үлгілік оқу бағдарламасының 68-қосымшасына талдау;

- Оқу бағдарламасының жалпы ережелерімен, оқу курсының негізгі мазмұнымен, білім алушылардың меңгеру деңгейіне қойылатын талаптармен және пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруға арналған ұзақ мерзімді жоспармен таныстыру.

2) ҚР БҒМ-нің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған "Жаһандық құзыреттілік" оқу курсы бойынша үлгілік оқу бағдарламасының (68-қосымша) орындалуын мектепшілік бақылау жоспарына енгізу және орындалуын қамтамасыз ету;

Мектеп басшысының 2025 жылғы 29 қазандағы № 501 бұйрығымен 2025-2026 оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспарына толықтырулар енгізілді. Жоспарға сәйкес 5-9-сыныптарына арналған "Жаһандық құзыреттілік" оқу курсы бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруды тоқсан сайынғы негізде бақылау жүргізу міндеттелді **(2-қосымша (мектепшілік жоспарды бекіту бұйрығы))**.

2025-2026 оқу жылының I-тоқсанның қорытындысы бойынша мектеп жанынан жұмыс тобы құрылып, 2025 жылғы 29-30 қазан аралығында «Жаһандық құзыреттілік» пәнінің жүргізілуі бойынша зерделеу жүргізілді. Зерделеу жұмыстарымен 5-11 сыныптар қамтылды. Зерделеу барысында орескел қателіктер анықталған жоқ.

Сонымен қатар, пән ұстаздарына келесі ұсынымдар берілді:

- пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар «Күнделік» электрондық журналға уақытылы енгізілсін;

- Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламалардың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына сәйкестігін қамтамасыз ету.

Орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының және Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының жүзеге асырылу мәселесін педагогикалық кеңесте қарау

Аталған мәселе 2025 жылғы 29 қазанда өткен Педагогикалық кеңес барысында қаралып, пән мұғалімдеріне 2025-2026 оқу жылында ҚР ОАМ-нің 2022 ж. 16. 09. № 399 бұйрығына сәйкес меңгерілуін және «Kundelik.kz» электрондық жүйесінде тақырыптарының толтырылуы қатаң бақылауға алу ескертілді **(3-қосымша (педкеңес хаттамасы))**.

Сонымен қатар, педагогикалық кеңесте келесі шешімдер қабылданды:

- жартыжылда бір рет орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының орындалу барысы туралы ақпарат педагогикалық кеңесте тыңдалсын;

- әр пән бірлестігі жетекшілері оқу бағдарламаларының жүзеге асырылу жағдайын талдап, анықталған қиындықтар мен ұсыныстар туралы есеп дайындасын.

- мектеп әкімшілігі тарапынан бағдарламалардың орындалуын бақылау тұрақты түрде жүргізілсін.

Кемшіліктер: *Күнтізбелік-тақырыптық жоспардағы тақырыптар әр сыныпта әр түрлі. 9 «В» сыныпта оқу бағдарламада жоқ тақырыптар күнтізбелік-тақырыптық жоспарда көрсетілген. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы 29.11.2024 ж. Тақырып – 10.02.2025ж қайталанған. 11 сыныпта «География» таңдау пәнінің 15.01.2025 жылдан бастап күнтізбелік-тақырыптық жоспарда тақырыбы толықтырылмаған.*

1) Мұғалімдерге күнтізбелік жоспарлау, журнал жүргізу, пәндік жүктемені орындау бойынша семинарлар ұйымдастыру;

2025 жылғы 26 қазанда педагогтерге арналған «Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды ұйымдастыру, оқу журналдарын дұрыс жүргізу және мұғалімдердің пәндік жүктемелерін тиімді орындау мәселелері» тақырыбында семинар өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – мұғалімдердің оқу үдерісін жоспарлау, құжаттаманы жүргізу және оқу жүктемесін тиімді болу бойынша кәсіби құзыреттіліктерін арттыру болды.

Семинар барысында қатысушыларға нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс істеу тәртібі, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлеу алгоритмі, электрондық және қағаз журналдарды дұрыс толтыру талаптары түсіндірілді.

Сонымен қатар, пәндік жүктемені орындау және оқу үрдісін тиімді ұйымдастыру бойынша практикалық кеңестер берілді.

Іс-шара соңында педагогтер пікір алмасып, туындаған сұрақтарға жауап алды.

2) 10-сыныптарда "География" пәні бойынша 2025-2026 оқу жылының I тоқсандағы күнтізбелік-тақырыптық жоспарын ҚР БҒМ-нің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған "География" пәнінен оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасына сәйкестендіру;

10-11 сыныптарға "География" пәні бойынша 2025-2026 оқу жылының I тоқсандағы күнтізбелік-тақырыптық жоспары ҚР БҒМ-нің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған "География" пәнінен оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасына сәйкестендірілді.

3) Оқу жұмыс жоспарында көрсетілген пән атауларын kundelik.kz электронды журналымен сәйкестендіру, мектепшілік бақылауға алу;

Kundelik.kz электронды журналындағы пәндердің атауларын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашаданғы № 500 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларындағы атауларымен сәйкестендіру жұмысы жүргізілді.

Сонымен қатар, 2025-2026 оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспары негізінде Kundelik.kz электронды журналын толтырудың жағдай және талаптарына сәйкестігін тексеру тоқсан сайын жүргізіледі (2-қосымша (мектепшілік жоспарды бекіту бұйрығы, 2-тармақ,)).

Кемшіліктер: 2024–2025 оқу жылы 2 «А» сыныбында әдебиеттік оқу, математика және қазақ тілі пәндерінен 03–18 қыркүйек және 17–24 қазан аралығында формативті бағалау қойылмаған. 3 «П» сыныбының «Литературное чтение» пәнінен 4-тоқсанда 13–23 мамыр аралығында ФБ жүргізілмеген. 3 «А» сыныбы математика пәні бойынша 3, 4, 9, 11, 15, 16, 18, 23, 25, 28, 30 сәуір күндері және 2, 3, 9–23 мамыр аралығында ФБ жүргізілмеген. 4 «М» сыныбы математика пәні бойынша 3–9 және 9–26 қыркүйек аралығында ФБ жүргізілмеген. 7 «Е» сыныбы қазақ әдебиеті пәні бойынша 4-тоқсанда 11 күн ФБ жүргізілмеген. 9 «Ж» сыныбы 3-тоқсанда қазақ тілі пәні бойынша 6–20 наурыз аралығында ФБ жүргізбеген. Осылайша талап сақталмаған, сәйкес келмейді.

1. Алдағы оқу жылдарында мұндай қателіктерді болдырмау мақсатында ҚР БҒМ-нің 2008 жылы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларының 25, 26, 35 тармақтарына сәйкес мектеп ұжымына «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау мен критериялды бағалау талабы» тақырыбында оқу семинарын өткізу.

2025 жылғы 15 қазанда бағалау үдерісін біріздендіру мақсатында «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау мен критериялды бағалау талабы» тақырыбында оқу семинары өткізілді.

Семинар барысында мұғалімдерге ағымдық бақылау мен критериялды бағалаудың негізгі талаптары, бағалау критерийлерін құрастыру мен қолдану тәртібі, жиынтық бағалау нәтижелерін талдау және құжаттаманы жүргізу ерекшеліктері түсіндірілді.

Қатысушылар тәжірибе алмасып, бағалау сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірледі (4-қосымша, семинар материалдары қоса беріледі).

2. 2025-2026 оқу жылының 1-тоқсанының қорытындысы бойынша ұсынылған баға мен қорытылған бағаны сәйкестендіру мәселесін мектепшілік бақылауға алу.

Мектеп директорының 2025 жылғы 29 қазандағы №501 бұйрығымен 2025–2026 оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспарына тиісті толықтырулар енгізілді (2-қосымша (мектепшілік жоспарды бекіту бұйрығы, 2-тармақ,)).

Толықтырулар аясында бағалау нәтижелерінің объективтілігін арттыру, мұғалімдердің бағалау критерийлерін бірізді қолдануын қамтамасыз ету және

қорытынды баға қою кезінде әділдік пен дәлдікті сақтау бағытында бақылау жұмыстары жүргізілетін болады.

Сондай-ақ, пән мұғалімдерінің қатысуымен бағалау нәтижелерін талдау, сәйкессіздіктердің себептерін анықтау және оларды жою бойынша әдістемелік кеңестер ұйымдастыру жоспарланды.

Бақылау нәтижелері мен талдау қорытындылары болашақта педагогикалық кеңесте қаралып, тиісті шешімдер қабылданады.

3. 2025-2026 оқу жылының I-тоқсанының қорытындысы бойынша өткізілетін педагогикалық кеңесте «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау мен критериялды бағалау талабы» сұрағын қарастыру.

Аталған мәселе 2025 жылғы 29 қазанда өткен Педагогикалық кеңес барысында қаралды (**3-қосымша (кеңес хаттамасы)**).

Кеңес барысында ағымдық және жиынтық бағалаудың жүргізілу тәртібі, критериялды бағалаудың негізгі қағидаттары мен мұғалімдердің бағалау қызметіне қойылатын талаптар талқыланды.

Мектеп әкімшілігі тарапынан бағалау үдерісінің сапасын арттыру, мұғалімдердің бағалау критерийлерін дұрыс қолдануын қамтамасыз ету және білім алушылардың оқу жетістіктерін әділ бағалауды бақылау бойынша ұсыныстар берілді.

Педагогикалық кеңес мүшелері бағалау рәсімдерін жетілдіру бағытында әдістемелік қолдау көрсету және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру жұмыстарын жалғастыру туралы шешім қабылдады. Атап, айтқанда:

- мұғалімдерге ағымдық және жиынтық бағалауды ҚР ОАМ-нің нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүргізу міндеттелсін;
- бағалау критерийлері мен дескрипторларды әзірлеу және қолдану кезінде оқу мақсаттарымен сәйкестікті қамтамасыз ету тапсырылсын;
- әдістемелік бірлестіктерде бағалау сапасын арттыру және бірізділікті сақтау бойынша тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылсын;
- оқу ісі жөніндегі орынбасарына бағалау нәтижелерінің дұрыстығын және құжаттаманың уақтылы жүргізілуін бақылау жүктелсін.

4. «Kundelik.kz» электрондық жүйесін енгізудегі тәжірибе мен үздік тәжірибелер: қателіктер, шешімдер, ұсынымдар» тақырыбында вебинар өткізу.

2025 жылғы 28 қазанында Әлихан Бөкейхан атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің педагогтеріне арналған «Kundelik.kz» электрондық журнал жүйесін енгізудегі тәжірибе мен үздік тәжірибелер: қателіктер, шешімдер, ұсынымдар» тақырыбында вебинар өткізілді.


Вебинар барысында мектеп мұғалімдеріне «Kundelik.kz» электрондық журналын толтыруға қатысты өздерін қызықтырған сұрақтарды қою мүмкіндігі берілді (вебинарға сілтеме

https://drive.google.com/file/d/1cnCbgos_XdSEh0rKzky6ZLLkrMN6GFyu/view?usp=drive_link).

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы бойынша келесі шешімдер қабылданды:

1. 2025 жылғы 09 қазандағы Әлихан Бөкейхан атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейіне жүргізілген мемлекеттік аттестаттаудың қорытындысы бойынша анықталған кемпіліктерге жол берген директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Балкибековаға сөгіс жарияланды.
2. 2025 жылғы 09 қазандағы Әлихан Бөкейхан атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейіне жүргізілген мемлекеттік аттестаттаудың қорытындысы бойынша анықталған кемпіліктерге жол берген директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Қожабаеваға сөгіс жарияланды.

Мектеп директоры



С. Байжанов